

13. Учебная программа «Музыка» 1-4 классы школ с русским языком обучения / Ш. Кулманова, М. Оразалиева – Астана, 2010. – 25 с.

14. Одинцова, С.А., Гаркуша, К.Г. Методика музыкального воспитания в начальной школе: Учебное пособие. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2019. – 272 с.

МРНТИ 14.25.01

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.70>

Сәрсенова Н.С.<sup>1</sup>, Бисембиева А.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Х. Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,  
Атырау, Қазақстан

## СЫНИ ОЙЛАУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛ МЕНГЕРУ ДАҒДЫСЫН ДАМУЫ

*Аңдатпа*

Мақалада сыни ойлау арқылы бастауыш сынып оқушыларының тіл менгеру дағдысын дамыту мен қалыптастыру психологиялық - педагогикалық тұрғыда тілдік қатынас арқылы олардың логикалық ойлау, даму мүмкіндіктері қарастырылады. Тілдік қатынас адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсіну, айту, пікірлесу т.б. әрекеттеріне тікелей қатысты құбылыс екеніне тоқталады.

Тіл менгеру дағдысын дамыту мен қалыптастыру арқылы жас ұрпаққа өзінің ана тіліне, ұлттық құндылықтарына деген қатынасы айқындалатыны, олардың бойындағы ұлттық рухты, ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастыруда да негізгі орын алатыны қамтылады.

Бастауыш сынып оқушыларының тіл менгеру дағдысын дамыту мен қалыптастыруда ынтаны, қызығушылықты ояту, ой қозғау, түсіну, рефлексия, ой толғаныс, бұрынғы білетін білімдерімен жаңа алған білімдерін салыстыру тұрғысынан сараланып беріледі.

**Түйін сөздер:** Сыни ойлау, тіл менгеру дағдысы, тілдік қатынас, логикалық ойлау, даму, ұлттық құндылықтар, ой қозғау, рефлексия.

Sarsenova N.S.<sup>1</sup>, Bissembiyeva A.N.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Atyrau State University after Kh. Dosmukhamedov,  
Atyrau, Kazakhstan

## THE DEVELOPMENT OF THE SPEECH ACTIVITY OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS THROUGH THE METHODOLOGY OF CRITICAL THINKING

*Abstract*

In the paper critical thinking can be used to develop and develop the language skills of elementary schoolchildren through logical thinking and development through psychological and pedagogical communication. Linguistic communication is a person's thinking, reasoning, speaking, listening, understanding, talking, communicating, etc. and that they are directly related to their actions.

By developing and developing language skills, the younger generations will have a tendency toward their native language, their national values, and their role as a national spirit and the formation of national spiritual values.

Elementary grade students will be differentiated from the point of view of the development of language skills and motivation, motivation, thinking, understanding, reflection, thinking, comparative knowledge acquired with previous knowledge.

**Key words:** critical thinking, application of speech activity, speech attitude, logical thinking, development, national values, brainstorming, reflection.

<sup>1</sup>Н.С. Сәрсенова, <sup>2</sup>А.Бисембиева

## РАЗВИТИЕ РЕЧЕВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧЕНИКОВ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ЧЕРЕЗ МЕТОДИКУ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ

### Аннотация

В статье рассматривается критическое мышление может быть использовано для развития языковых навыков младших школьников посредством логического мышления и развития посредством психолого-педагогического общения. Лингвистическое общение - это мышление, рассуждение, речь, слушание, понимание, разговор, общение и т.п. и что они напрямую связаны с их действиями.

Развивая языковые навыки, молодые поколения будут стремиться к своему родному языку, своим национальным ценностям, своей роли национального духа и формированию национальных духовных ценностей. Учащиеся начальных классов будут дифференцированы с точки зрения развития языковых навыков и мотивации, мышления, понимания, рефлексии, сравнительных знаний, приобретенных с предыдущими знаниями.

**Ключевые слова:** критическое мышление, применение речевой деятельности, речевое отношение, логическое мышление, развитие, национальные ценности, мозговой штурм, рефлексия.

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулықта «Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі және Қазақстандағы мемлекеттік тіл мәртебесіндегі өзара қарым-қатынас құралы. Қазақ тілі қазақстандық қоғам мен қазақ тілін ана тілі ретінде қолданатын әрбір жеке тұлға өмірінде бірегей қызмет атқарады. Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік және қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқыту тілдің қоғамдағы маңызды қызметі мен рөлін саналы түрде түсінуге, тілдің табиғатын ғылыми танымдық тұрғыдан түсініп меңгеруге, тілдік бірліктердің функционалдық қасиеттерін саналы түрде қолдануға дағдыландырады», - деп қазақ тіліндегі жазба жұмыстарының негізгі мақсаты – дұрыс, сауатты жазуға, оқушының ауызша және жазбаша ойын, грамматикасын және стилистикасы жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйрету. Мұғалім білім алушының ауызша және жазбаша тілін дұрыс дамытуда грамматикалық ережелерді жақсы білуге, тыныс белгілерін дұрыс қоюға үйретіп, көркем әдебиетті көп оқуға бағыт беріп, оның үлгісін көрсетіп отыруы тиіс. Әр мұғалім жазба жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол білім алушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, білгенін ауызекі сөздерінде қолдана білуіне жағдай жасау болып табылады деп атап көрсетілген [1, 243-244 бб.].

Сыңи ойлау арқылы бастауыш сынып оқушыларының тіл менгеру дағдысын дамыту мен қалыптастыру бүгінгі таңда педагогика, филология ғылымдары, тілдік қатынас саласында негізгі орынды алады. Қазіргі жаһандану үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының психологиялық - педагогикалық тұрғыда басты ерекшелігі олардың білімді, ақпараттарды шапшаң қабылдауын басты назарда ұстауымыз қажет. Әсіресе, тілдік қатынас арқылы олардың логикалық ойлау, даму мүмкіндіктерінің мол екенін байқаймыз.

«Тілдік қатынас – адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсіну, айту, пікірлесу т.б. әрекеттеріне тікелей қатысты құбылыс. Сондықтан тілдік қатынасқа байланысты құбылыстардың, айтылған, берілген, жазылған хабарды қабылдаудың әдіс-тәсілдерін айқындау; сол сияқты қарым-қатынасты құралдары мен тұлғаларын олардың қолданылу жолдарын белгілеу қазір өзекті мәселелер қатарына жатады», - деп атап көрсетілуі де баланы жастайынан ойлау, сөйлеу, пікірлесу және т.б. қатынастардың ықпалының мол екенін айқындауға болады[2,3б.].

Расында да, жас ұрпаққа өзінің ана тілінде білім және тәрбие берумен қатар, олардың бойындағы ұлттық рухты, ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастыруда да негізгі орын алады. Ұлттық тіл, мәдениет, тарих, пәлсапа тану арқылы жас ұрпақтың бойындағы құндылықтарды дамыту, олардың бойындағы ұлттық рухты қалыптатырудың басты кредосы болып табылады.

Академик Ө.Айтбайұлы «Тіл – ұлттың жаны. Тіл – ұлттың ары мен намысы. Бұл – кез келген ұлттың өмір сүруін қамтамасыз етер киелі де, қасиетті ұғымдар. Өзін - өзі дәуір мен заманның толағайынан сақтағысы келген халық пен ұлт, ең әуелі, тілін қызғыштай қорыуы тиіс. Тілі аман ұлттың

рухы мықты. Рухы мықты ұлттың болашағы берік. Кез келген ұлттың өз қоғамдық ортасын орнықтырып, мемлекет болып өмір сүруінің басты қағидасы осы.

Ғасырлар қойнауынан мәдениеттер мен өркениеттер мидай болып араласып, үлкен ұлттар шағын ұлттардың тілі мен ойлау, сөйлеу өрісін тарылта бастаған бүгінгі жаһандану дәуіріне өзінің байлығы мен ой – өрісін сақтап, аман жеткен қазақ тілі үшін де бұл ортақ қағида. Қағидаға адал болсақ, тілімізді дамыта алғанымыз. Тілімізді сақтап-дамыта алсақ, ұлт ретінде өмір сүру, қоғамдасып ғұмыр кешу, мемлекет болып ірге бекіту дейтін іргелі де күрделі мәселелерді шеше алғанымыз.

Осындай биік өлшемдер тұрғысынан қарасақ, тіл білімі дейтін ғылымның тілді сақтау мен тілді өрістетудегі орны орасан зор. Ғылымның бұл саласына өткен ғасырдың басынан бастап, ел тағдыры мен ел болашағын ойлаған кемеңгер арыстарымыз бен кенен ойлы ғұламаларымыз айырықша мән берген. Бұл мәселе кешегі арқар мүйізді даналарымыз бен тіл білімін сала-сала етіп өрістеткен айдынды ағаларымыздың да саралау, талдау, зерттеу кеңістігіне айналғанын білеміз»[3, 5-6 бб.].

Осы тұрғыдан алғанда, сыңи ойлау арқылы бастауыш сынып оқушыларының тіл менгеру дағдысын дамыту мен қалыптастыруда тіл білімінің бүгінгі таңдағы өзіндік қайталанбас тілді сақтау мен тілді өрістетудегі маңызының ерекшелігі өзектеле түседі. Сонымен қатар, сыни ойлау арқылы тіл менгеру дағдысын дамыту, тілдік қатынасты қалыптастыруда мектептегі факультативтік курстар мен таңдау пәндеріде негізгі орын алады. Мәселен, «Абайтану» факультативтік курсы ұйымдастыруда бастауыш сынып оқушыларына Абайдың қара сөздерін олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқыту және оны жатқа айтқызу арқылы олардың бойындағы сыни тұрғыда ойлау технологиясын дамытуда ерекше ықпал еткенін көре білдік. Жалпы «Абайтану» курсы оқу бағдарламасы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады. Курстың білім мазмұны ұлы ақын шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыруға бағытталған [1,275 б.].

Біз ғылыми жұмысымызды зерделеу барысында, яғни сыңи ойлау арқылы бастауыш сынып оқушыларының тіл менгеру дағдысын дамыту мен қалыптастыруда «Педагогика» оқулығында ұсынған сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясын сабақ барысында қолдануда оның үш негізгі кезеңін негізге ала отырып, тәжірибелік- эксперименттік жұмысымыздың негізгі бағыттарын айқындадық:

Бірінші, бастауыш сынып оқушыларының тіл менгеру дағдысын дамыту мен қалыптастыруда ынтаны, қызығушылықты ояту кезеңі: тақырып бойынша белгілі білімдерін еске түсіру, ойландыру; тақырыпқа деген қызығушылықты ояту; оқушылардың осы тақырыпты меңгеру бағытын анықтауы, оқу ынтасын оятуға байланысты проблемалық сұрақтардың қойылуы, қызықты тарихи маңызды мысалдардың келтірілуі, т.б.; екінші кезең, ой қозғау, түсіну кезеңі: оқушылардың белсенді ой еңбегіне қатысуы, тақырып көлемінде мәтіндермен түрлі жұмыс істеу әдістерінің болуы, оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қамтамасыз ету, мәтінге, білімге деген жағымды көзқарас қалыптастыру, оқушыларды өз беттерінше жұмыс істеуге, ізденуге үйрету; педагог тек сырттай бақылаушы, кеңесші, бағыттаушы болуы, сабақты жоспарлауда әртүрлі стратегиялардың пайдаланылуы, т.б.; үшінші, рефлексия, ой толғаныс кезеңі: бұрынғы білетін білімдерімен жаңа алған білімдерін салыстыру, тақырып көлеміндегі білімдерін жүйелеу, болашақта осы тақырыпты жетілдіру бағыттарын анықтау, оқушының тақырыпты қаншалықты жақсы меңгергенін талдауы, өздік танымдық жұмысын бағалаулары, өзара баға берулері, кері байланыс карталарының сұрақтарына жауап берулері, қорытынды тұжырым жасау үшін қысқаша эссе жазулары, т.б. [4,320 б.]

Расында да, бастауыш сынып оқушылары ақпараттарды оқу арқылы қабылданып, жазу арқылы есте қалатынына аса мән берілетінін ескеріле отырып, оқу және жазу өзара сабақтастыра отырылып жүргізу көзделді. Сыңи ойлау арқылы бастауыш сынып оқушыларының тіл менгеру дағдысын дамыту мен қалыптастыруға байланысты білім беруде жаңа буын оқулықтары оқушыны ізденіске баули отырып, танымдық, дербес белсенді әрекетін дамыту, қызығушылықтарын, іскерлік пен дағдыны, оқытудың сапасын арттыру арқылы, өздік жұмыс атқаруға басты бағыт береді.

Дэвид Клустер «Сыни ойлау деген не?» атты еңбегінде «сыни ойлау - дербес ойлау. Сабақ сыни ойлау қағидаларына сүйенгенде, әр оқушы өз идеяларын, бағасын, сенімін басқалардан дербес түрде құрастырады. Ешкім де біз үшін сыни ойлай алмайды, бұны біз тек өзіміз үшін ғана жасаймыз. Сонымен, ойлау тек жеке (индивидуалды) сипат алғанда ғана сыни болып табылады, сыни ойлау

сұрақ қоюдан басталып, шешімді қажет ететін проблемаларды айқындаудан басталады, дей келе «бірінші сынып оқушыларында да бұл үшін жеткілікті өмірлік тәжірибе мен білім жинақталған. Әрине, білім алу процесінде оқушылардың ойлау қабілеті дами түседі, алайда тіпті бұлдіршіндер сыни және дербес ойлай біледі (балалары барлардың бәрі де мұны жақсы біледі). Өзінің танымдық әрекеттерінде оқушылар мен мұғалімдер, жазушылар мен ғалымдар қандай да болмасын жаңа мәлімет бойынша сыни тұрғыдан ой толғайды. Сыни ойлаудың арқасында ғана дәстүрлі таным процесі дербес болып, саналы, үздіксіз және тиімді болады», - деп атап көрсете келе қатарына ой қозғау, өзіндік жазба, толықтыру, редакциялау мен «жариялауды» қосатын жұмыс барысында мұғалім өз оқушыларына жазу ережелерін түсіндіріп, қиын мәселені шешуге көмектеседі. Ал оқушылар үшін мұғалімнің олардың жұмыстарына ықылас пен сыйластықпен қарайтындығы, өздерінің сыныптастары, басқа ұстаздар, ата-анасы, тіпті бейтаныс адамдармен өз ойларымен бөліскендігі құнды. Осы себептерге сәйкес жазу - сыни ойлауға үйретудің ең тиімді тәсілі деп тұжырымдайды[5].

Сыни ойлау арқылы бастауыш сынып оқушыларының тіл менгеру дағдысын дамыту мен қалыптастыруда Блум таксономиясының деңгейлері арқылы сабақты өту тиімді нәтижелері де негізге алынды:

Білу. Есте сақтау, жаттап алу, ажырату, қайта жаңғыртып айтып беру.

Түсіну. Өз сөзімен айтып беру, түйіндеу.

Қолдану. Алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдана алу, мәселелерді шешуде ең оптималды тиімді жолдарды таңдай алу, таныс емес жағдайда білімдерді пайдалана алу.

Талдау. Зерттеу нысанасын түрлі бөліктерге бөлу, әр бөліктің мән-мағынасын саналы түрде түсінуі, Сөздерді топтастыру

Біріктіру. Нәтижелерді шығармашылық тұрғыдан біріктіру.

Бағалау. Шешім қабылдай алу, өз пікірін қорғай алу, жүйелі тұжырым жасай алу [4, 320 б.].

Тіл арқылы бастауыш сынып оқушыларының сыни тұрғыда ойлау технологиясын пайдалану тұлғаның логикалық ойлау мәдениетін, танымын дамытып, шығармашылықта және коллабритивті жұмыс атқаруға бағыттайды, сабақтың сапасын арттырады.

*Қорытынды келе*, сыни ойлау арқылы бастауыш сынып оқушыларының тіл менгеру дағдысын дамыту мен қалыптастыру психологиялық - педагогикалық тұрғыда тілдік қатынас арқылы олардың логикалық ойлау, даму мүмкіндіктерінің маңызы ерекше екені, тілдік қатынас адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсіну, айту, пікірлесу т.б. әрекеттеріне тікелей қатысты болатыны көре білдік. Жоғарыдағы ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып, сыни ойлау - ол өз бетінше ойлау, әр адамның өзіндік көзқарасы, қарым - қатынасы, өз ойы, өз ойын еркін айтуы, өз ойын тұжырымдауы, өз ойын нақты дәлелдермен бекітуі, көптеген ғылыми идеяларды саралап зерделеуі, нақты өмірлік қарым- қатынасты қабылдай білуі, алға қойған өмірлік мәселелерді шешуге бағытталады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының ерекшеліктерін сабақта тиімді қолданып, оқу мен жазу арқылы тұлғаның жақсы қасиеттерін аша білу, дамыта оқыту, оқу үдерісін тұлғаға бағдарланған оқу - тәрбие технологиясы негізінде ұйымдастыра білсек - бәсекеге қабілетті тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға толық мүмкіндік бар екенін нақтылауға болады.

Тұлғаның тіл менгеру дағдысын дамыту мен қалыптастыру арқылы жас ұрпаққа өзінің ана тіліне, ұлттық құндылықтарына деген қатынасы айқындалады және олардың бойындағы ұлттық рухты, ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастырумен қатар, олардың болашақта өмірлік бағыттарын айқындауға, қоғамнан өз орнын табуға ықпал етеді.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 440 б.
2. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. Оқулық. Алматы. «Сөздік- Словарь», 2005. - 272 бет.
3. Айтбайұлы Ө. Тіл - ұлттың тамыры. /Ой өрнегі сөз. Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2019. - 519 б.
4. Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика. Оқулық. –Алматы: «ОНОН». - 340 б.
5. Дэвид Клустер. Что такое критическое мышление? 2001, - Алматы, ИздатМаркет, 2004. 420 с.

6. Мирсеитова С. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері.- Алматы.2011.-178б.
7. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1998. – 112 б.
8. Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий: в 1-х т. - М.:НИИ школьных технологий. - М.: 2006. – 816 с.
9. Кусаинов Г.М. Педагогическая технология: теория, история, практика: Монография. – Усть-Каменогорск: Изд-во ВКГУ, 2000. - 324 с.
10. Разумова С.Н. Критическое мышление в начальной школе. //Инфоурок: библиотека материалов. 2015 г. <https://infourok.ru/kriticheskoe-mishlenie-v-nachalnoy-shkole-433712.html>

МРНТИ 14.25.09

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.71>

Г.Б.Ракишева<sup>1</sup>, М.Маты<sup>2</sup>, М.А.Кененбаева<sup>3</sup>

<sup>123</sup>Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті  
Павлодар қ, Қазақстан

## ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының мотивациясын тудыру тәсілдері мұғалім тәжірибесінен өтіп, жақсы көрсеткіш көрсеткен әдіс-тәсілдері баяндалған. Сыртқы уәж бен ішкі уәждің айырмашылығы мен түсінігі жазылған. Мотивациялау процесі кезінде мадақтаудың түрлері көрсетілген. Сонымен қатар, уәжді арттыратын және уәжді түсіретін факторлар ұсынылған. Бұл тәсілдерді тәжірибеде қолданып, оқушының әсері және бойындағы өзгерістері туралы жазылған. Оқу процесі кезіндегі мотивация бойынша зерттеудің алғашқы күндерінің және зерттеуден кейінгі туындаған мәселелері, мақсаты, жаңа әдіс-тәсілдері мен нәтижесі көрсетілген. Осы зерттеу барысында әр оқушы мотивациясының туу кезеңінде оқушы пән бойынша тақырыпты меңгеріп, сабақ мақсатына жетудің бір жолы зерттеліп, анықталды. Сонымен білім сапасының артуы сынып жетекшісі үшін және пән мұғалімі үшін де маңызды роль атқарады. Оқушылардың бағыттары анықталды. Оқушылар бағыт бойынша конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болғаны көрсетілген. Мұғалім үшін де оқушы үшін де уәжді тудырып алғаннан кейін оң өзгерістер дәлелденді.

**Түйін сөздер:** бастауыш сынып, сыртқы уәж, ішкі уәж, ынта, қызығушылық, әдіс-тәсілдер, кері байланыс, бағалау, білім сапасы, көрсеткіші.

G. B. Rakisheva<sup>1</sup>, M. Maty<sup>2</sup>, M. A. Kenenbaeva<sup>3</sup>

<sup>123</sup>Pavlodar State Pedagogical University  
Pavlodar, Kazakhstan

## METHODS OF FORMING MOTIVATION OF YOUNGER SCHOOLCHILDREN IN THE COURSE OF EDUCATION

*Abstract*

The article describes how the motivation of elementary school students went through teaching experience and demonstrated good results. The difference between an external motive and an internal motive is described. In the process of motivation, types of rewards and requirements for pedagogical incentives are summarized. Using these approaches, the student's influence and change is recorded. The goals, new approaches and the results of the first days of research and post-research problems of motivation in the learning process are shown. Thanks to this study, using the motivation of each student, one of the ways in which the student mastered the subject and determined the way to achieve the goal of the lesson was